

6D011900 – «Шетел тілі: екі шетел тілі» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алуға ұсынылған Отыншиева Малика Толгандиевнаның «Жоғары оқу орнында қашықтықтан білім беруде ағылшын тілін Smart технологиялар негізінде саралап оқытудың педагогикалық шарттары (тілдік емес мамандықтар мысалында)» тақырыбындағы диссертациясына ресми рецензент, педагогика ғылымдарының кандидаты, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің қауымдастырылған профессоры Тусупбекова Мадина Жанбырбаевнаның

СЫН-ПІКІРІ

р/н №	Өлшемшарттар	Өлшемшарттарға сәйкестігі (жауап нұсқаларының бірін сызу)	Ресми рецензенттің ұстанымына негіздеме
1.	Диссертация тақырыбының (бекіту күніне) ғылымның даму бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкес болуы	1.1 Ғылымды дамытудың басым бағыттарына және /немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкестігі: 1) диссертация мемлекет бюджетінен қаржыландырылатын жобаның немесе нысаналы бағдарламаның аясында орындалған (жобаның немесе бағдарламаның атауы мен нөмірін көрсету); 2) <u>диссертация басқа мемлекеттік бағдарлама аясында орындалған</u> (бағдарламаның атауын көрсету); 3) диссертация Қазақстан Республикасының Үкіметі жанындағы Жоғары ғылыми-техникалық комиссия бекіткен ғылым дамуының басым бағытына сәйкес (бағытын көрсету) келеді.	Ұсынылып отырған диссертация ғылымның даму бағыттарына және мемлекеттік бағдарламаларға сәйкес орындалған. 2. Диссертация тақырыбы оны бекіту уақытына сәйкес ғылымды дамытудың өзекті бағыттарына және мемлекеттік стратегиялық құжаттарға толықтай сай келеді. Диссертацияның мазмұны Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2019 жылғы 31 желтоқсандағы №1045 қаулысымен қабылданған Қазақстан Республикасының тіл саясатын іске асыру жөніндегі 2020 – 2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы мен «Қазақстан Республикасында жоғары білім мен ғылымды дамытудың 2023–2029 жылдарға арналған тұжырымдамасына» негізделеді.
2.	Ғылым үшін маңыздылығы	Жұмыс ғылымға елеулі үлесін <u>қосады</u> /қоспайды, ал оның маңыздылығы <u>ашылған</u> /ашылмаған.	Жұмыс ғылымға елеулі үлесін қосады , өйткені ағылшын тілін саралап оқыту тілдік емес мамандық студенттерінің ағылшын тілін бірдей жоғары деңгейде меңгеріп шығуына септігін тигізеді. Бұл оқытудың түрі теория мен практиканың

			ұштасуы. Сонымен қатар саралап оқыту тек студенттер үшін ғана емес, оқытушылар үшін де тілді үйрету мәселесінде таптырмас әдіс, ал оның маңыздылығы ашылған , себебі Қазақстандағы білім берудің маңызды стратегиялық міндеттерінің бірі – үздік ұлттық білім беру дәстүрлерін сақтай отырып, әлемдік білім беру жүйесіне кірігу және жоғары оқу орындары түлектерін халықаралық біліктілік сипаттамаларымен қамтамасыз ету болып табылады.
3.	Өзі жазу принципі	Өзі жазу деңгейі: 1) <u>жоғары;</u> 2) орташа; 3) төмен; 4) өзі жазбаған;	Өзі жазу деңгейі жоғары , Зерттеу жұмысында ұсынылған теориялық тұжырымдамалар мен тәжірибелік мәліметтер жүйелі түрде құрылып, ғылыми пайымдаулар логикалық тұрғыдан негізделген. Автор зерттеуді жүзеге асырудың барлық кезеңдерінде қарастырылып жатқан проблеманы тұжырымдаудан бастап, педагогикалық шарттарды жасау мен моделді құрастыру, және нәтижелерді ендіруге дейін – өз бетінше ізденіс пен зерттеушілік принципін жоғары деңгейін ұстанған.
4.	Ішкі бірлік принципі	4.1 Диссертация өзектілігінің негіздемесі: 1) <u>негізделген;</u> 2) ішінара негізделген; 3) негізделмеген;	Негізделген , өйткені автор зерттеу барысында, 2020 жылы коронавирус пандемиясы мен қашықтықтан білім беруге көшу прагма-кәсіби міндеттерді табысты шешу, әріптестермен және білім алушылармен тиімді коллаборация үшін қажетті түрлі Smart-технологияларды қолдану, сондай-ақ қашықтықтан білім алатын тілдік емес мамандық студенттерінің дербес білім беру ортасын жетілдіру қажеттілігін негіздеген.

		4.2 Диссертация мазмұны диссертация тақырыбын айқындайды: 1) <u>айқындайды;</u> 2) ішінара айқындайды; 3) айқындамайды;	Айқындайды, диссертациялық жұмыстың мазмұны диссертация тақырыбын айқындайды, себебі оның құрылымы мен мазмұны зерттеу тақырыбын жан-жақты ашуға бағытталған және қойылған ғылыми мақсаттар мен міндеттерге толық сәйкес келеді. «Жоғары оқу орнында қашықтықтан білім беруде ағылшын тілін Smart технологиялар негізінде саралап оқытудың педагогикалық шарттары (тілдік емес мамандықтар мысалында)» атты диссертациялық зерттеу мазмұны құрылымдық бөлімдер арқылы жүйелі түрде ашылған.
		4.3. Мақсаты мен міндеттері диссертация тақырыбына сәйкес келеді: 1) <u>сәйкес келеді;</u> 2) ішінара сәйкес келеді; 3) сәйкес келмейді;	Диссертациялық жұмыстың мақсаты мен қойылған міндеттері зерттеу тақырыбының мазмұнына сәйкес келеді. Зерттеудің негізгі мақсаты - жоғары оқу орнында қашықтықтан оқытуда Smart технологиялар негізінде ағылшын тілін саралап оқытуды ғылыми тұрғыда негіздеу және педагогикалық шарттарын жасау. Қойылған мақсат диссертациялық жұмыстың құрылымымен және мазмұнымен өзара сабақтасып, зерттеудің негізгі өзегін айқындайды. Анықталған міндеттер нақтылығымен және жүйелілігімен ерекшеленеді. Олар зерттеудің барлық деңгейлерін – теориялық талдауды, педагогикалық шарттарды жасау арқылы моделді құрастырумен, жоғары оқу орнында қашықтықтан оқытуда Smart технологиялар негізінде ағылшын тілін саралап оқытудың әдістемесін әзірлеп, эксперимент барысында оның тиімділігінің дәлелденуі.
		4.4. Диссертацияның барлық бөлімдері мен ережелері логикалық байланысқан: 1) <u>толық байланысқан;</u> 2) ішінара байланысқан;	Толық байланысқан, өйткені диссертацияның барлық бөлімдері бір - бірімен байланысты және оны жазу барысында ішкі бірлігі сақталған. Зерттеу жұмысы тақырыптың өзектілігін, оның

		3) байланыс жоқ;	зерттелу деңгейі мен жағдайын, зерттеу мақсаты мен міндеттерін анықтаудан басталып, содан кейін зерттеу нәтижелері мен қорытындылары беріліп, зерттеу болжамы мен қойылған міндеттердің шешімдерімен аяқталады.
		4.5 Автор ұсынған жаңа шешімдер (қағидаттар, әдістер) дәлелденіп, бұрыннан белгілі шешімдермен салыстырылып бағаланған: 1) <u>сыни талдау бар;</u> 2) талдау ішінара жүргізілген; 3) талдау өз пікіріне емес, басқа авторлардың сілтемелеріне негізделген; 4) талдау жоқ;	Сыни талдау бар , өйткені зерттеу барысында алынған нәтижелер педагогика ғылымындағы қашықтықтан оқытуда Smart технологиялар негізінде ағылшын тілін саралап оқыту мәселелерін шешуге арналған. Автор, қашықтықтан білім беруде ағылшын тілін Smart технологиялар негізінде саралап оқытуда мәселесін шешудегі шетелдік және қазақстандық оң тәжірибені анықтау қажеттілігі және осы саладағы зерттеудің практикалық тұсының жеткіліксіз қарастырылуын сыни тұрғыдан анықтаған.
5.	Ғылыми жаңашылдық принципі	5.1 Ғылыми нәтижелер мен ережелер жаңа ма? 1) <u>толығымен жаңа;</u> 2) ішінара жаңа (25-75% жаңа); 3) жаңа емес (жаңасы 25%-дан кем);	Бірінші ғылыми нәтиженің жаңалығы , ол тілдік емес мамандық студенттеріне ағылшын тілін саралап оқытудың мәндік сипаттамасын негіздеп («Тілдік емес мамандық студенттеріне ағылшын тілін Smart технологиялар негізінде саралап оқыту» ұғымының авторлық анықтамасында. Екінші ғылыми нәтиженің жаңалығы , ол зерттеудің мазмұнындағы жоғары оқу орнында қашықтықтан білім беруде негізделген Smart технологиялардың орны мен мүмкіндіктерінде. Үшінші ғылыми нәтиженің жаңалығы , ол жоғары оқу орнында қашықтықтан білім беруде ағылшын тілін Smart технологиялар негізінде саралап оқытудың педагогикалық шарттарынның жасалуы мен модельдеуінде. Төртінші ғылыми нәтиженің

		жаңалығы, ол жоғары оқу орнында қашықтықтан білім беруде ағылшын тілін Smart технологиялар негізінде саралап оқытудың әдістемесінің әзірленуінде.
5.2 Диссертацияның қорытындылары жаңа ма?	1) <u>толығымен жаңа;</u> 2) ішінара жаңа (25-75% жаңа); 3) жаңа емес (жаңасы 25%-дан кем);	Бірінші қорытынды жаңа, себебі тілдік емес мамандық студенттеріне ағылшын тілін саралап оқытудың мәндік сипаттамасы, ол барлық студенттерге әртүрлі оқу стратегияларын қолдана отырып бірдей материалды оқытуды білдіруі мүмкін немесе мұғалімнен әр білім алушының қабілетіне байланысты әр түрлі деңгейдегі сабақтарды өткізуді талап етеді. Екінші қорытынды жаңа, себебі Smart-технологиялар білім алушылар мен мұғалімдер арасындағы белсенді өзара әрекеттесуді қамтамасыз етеді және олар оқытушыларға білім алушылардың қажеттіліктеріне жылдам жауап беруге және оқу үдерісін нақты уақытта бейімдеуге мүмкіндік беретін икемді және үздіксіз кері байланыс мүмкіндігін жасайды. Үшінші қорытынды жаңа, себебі Педагогикалық шарттар деңгейлерді диагностикалау: тілді меңгерудің бастапқы деңгейін, когнитивтік стильдерді, жұмыс қарқынын анықтау (тесттер, сауалнамалар, портфолионы талдау арқылы). Қажеттіліктерді анықтау: жеке траекторияларды қалыптастыру үшін студенттердің қызығушылықтарын, мақсаттарын түсінуге және жоғары оқу орнында қашықтықтан білім беруде ағылшын тілін Smart технологиялар негізінде саралап оқытуды үдерісін моделдеуге мүмкіншілік береді. Төртінші қорытынды жаңа, себебі зерттеу барысында шетел тілдерін оқытудағы іс-әрекеттік және тұлғалық-бағдарлы

			тәсілдерге, сондай-ақ қазіргі білім берудің жалпы педагогикалық қағидаттарына сүйене отырып, әзірленген жоғары оқу орнында қашықтан оқыту жағдайында Smart-технологиялар негізінде ағылшын тілін саралап оқыту әдістемесі, студенттердің пәндік құзыреттілігі мен практикалық дағдыларын қалыптастыруға бағытталған.
		5.3 Техникалық, технологиялық, экономикалық немесе басқару шешімдері жаңа және негізделген бе? 1) толығымен жаңа; 2) ішінара жаңа (25-75% жаңа); 3) жаңа емес (жаңасы 25%-дан кем);	Толығымен жаңа , себебі формативті эксперимент барысында Focus ON. Handbook for developing communicative skills (B1-B2 levels) атты қашықтан білім беруде Smart технологиялар негізінде ағылшын тілін саралап оқытуға арналған электрондық оқу құралы, зерттеу базаларындағы педагогикалық үдеріске енгізіліп, оның сәттілігі эксперимент жүзінде расталды.
6.	Негізгі қорытындылардың негізділігі	Барлық негізгі қорытындылар ғылыми тұрғыдан қарағанда ауқымды дәлелдемелерде негізделген /негізделмеген (qualitative research) және өнер және гуманитарлық ғылымдар бойынша даярлық бағыттары үшін).	Диссертациялық жұмыста жасалған қорытындылар ғылыми тұрғыдан қарағанда ауқымды дәлелдемелерде негізделген . Олар сапалық (qualitative research) зерттеулердің әдістемелік талаптарына, сондай-ақ өнертану мен гуманитарлық ғылымдардың теориялық парадигмаларына толық сәйкес келеді.
7.	Қорғауға шығарылған негізгі ережелер	Әрбір қағидат бойынша келесі сұрақтарға жеке жауап беру қажет: 7.1 Ереже дәлелденді ме? 1) дәлелденді; 2) шамамен дәлелденді; 3) шамамен дәлелденбеді; 4) дәлелденбеді; 5) бұл тұжырымда ереженің дәлелденгенін тексеру мүмкін емес; 7.2 Тривиалды ма? 1) ия; 2) жоқ; 3) бұл тұжырымда ереженің тривиалды екенін тексеру мүмкін емес;	7.1 Бірінші қағидат дәлелденген . өйткені автор, білім алушылардың жеке оқу траекторияларын қамтамасыз ете отырып, тапсырмалар мен мазмұнды икемді таңдауға мүмкіндік беретін цифрлық құралдарды (ЖИ, VR/AR, мобильді қосымшалар, онлайн-платформалар) пайдалана отырып, оқу процесін студенттердің жеке қажеттіліктеріне, деңгейіне және мүдделеріне бейімдеу, мотивацияны арттыру және коммуникативті дағдыларды дамыту деп негіздеген. 7.2 жоқ . Қағидат тривиалды емес, өйткені қағидаттың ғылыми

	7.3 Жаңа ма? 1) ия; 2) жоқ; 3) бұл тұжырымда ереженің жаңашылдығын тексеру мүмкін емес; 7.4 Қолдану деңгейі: 1) тар; 2) орташа; 3) кең; 4) бұл тұжырымда ереженің қолдану деңгейін тексеру мүмкін емес; 7.5 Мақалада дәлелденген бе? 1) ия; 2) жоқ; 3) бұл тұжырымда мақаладағы ереженің дәлелденгенін тексеру мүмкін емес;	жаңалығы дәлелденген. 7.3. ия. Бірінші қағидат жаңа. 7.4. кең. 7.5. ия. Бірінші қағидат автордың жариялаған мақалаларында көрініс тапқан. 7.1 Екінші қағидат дәлелденген. өйткені пандемия Smart-технологияларды білім беру саласында қолданудың әлеуеті мен болашағын айқын көрсетті. Сонымен қатар, Қазақстан Республикасының білім беруді дамытудың 2025 жылға дейінгі тұжырымдамасын талдау нәтижесіне сәйкес, пандемия кезеңінде қашықтан оқытуды жүзеге асыру барысында мемлекеттер бұл мәселеге пандемияға дейінгі олардың цифрлық және инфрақұрылымдық дайындығының деңгейіне қарай шешім қабылдаған. 7.2 жоқ. Қағидат тривиалды емес, өйткені қағидаттың ғылыми жаңалығы дәлелденген. 7.3. ия. Екінші қағидат жаңа. 7.4. кең. 7.5. ия. Екінші қағидат автордың жариялаған мақалаларында көрініс тапқан. 7.1 Үшінші қағидат дәлелденген. өйткені жоғары оқу орнында қашықтықтан білім беруде ағылшын тілін Smart технологиялар негізінде саралап оқытуда педагогикалық шарттарды жасау және оны педагогикалық үдеріске енгізудің маңызы ерекше. Сонымен қатар, жетістіктерге ұмтылатын ұстаз білім беру жүйесіндегі кез келген педагогикалық құбылысты жүзеге асыру үшін белгілі бір шарттар жиынтығын ұсынуы қажеттілігінің негізделуі. 7.2 жоқ. Қағидат тривиалды емес, өйткені қағидаттың ғылыми жаңалығы дәлелденген.
--	---	--

			7.3. ия. Үшінші қағидат жаңа. 7.4. кең. 7.5. ия. Үшінші қағидат автордың жариялаңған мақалаларында көрініс тапқан. 7.1 Төртінші қағидат дәлелденген. өйткені автор, жоғары оқу орнында қашықтықтан білім беруде ағылшын тілін Smart технологиялар негізінде саралап оқыту әдістемесін әзірлеп, тәжірибелік эксперименттің қалыптастырушы кезені барысында әзірленген әдістемені Smart технологияларын негізінде жүзеге асырып, соның нәтижесінде оның тиімділігі дәлелденген. 7.2 жоқ. Қағидат тривиалды емес, өйткені қағидаттың ғылыми жаңалығы дәлелденген. 7.3. ия. Төртінші қағидат жаңа. 7.4. кең. 7.5. ия. Төртінші қағидат автордың жариялаңған мақалаларында көрініс тапқан.
8.	Дәйектілік қағидаты. Дереккөздер мен ұсынылған ақпараттың дәйектілігі	8.1 Әдіснаманы таңдау – негізделген немесе әдіснама нақты жазылған: 1) ия; 2) жоқ;	Иә, әдіснаманы таңдау – негізделген: - теориялық-әдіснамалық және практикалық дәлелденуімен; - зерттеу мазмұнының ғылыми аппаратпен сәйкестілігімен; - зерттеу пәні мен міндеттеріне сәйкес қолданған әдістер кешенімен; - эмпирикалық материалдың статистикалық өңдеуі, әзірленген жұмыстардың жоғары оқу орындары педагогикалық үдерісіне енгізумен қамтамасыз етілгенімен.
		8.2 Диссертация жұмысының нәтижелері компьютерлік технологияларды қолдану арқылы ғылыми зерттеулердің қазіргі заманғы әдістері мен деректерді өңдеу және интерпретациялау әдістемелерін пайдалана	Иә. Эксперимент тобы білім алушыларының көрсеткіштерінің жоғарылауы мен әзірлеген авторлық оқу-әдістемелік құралын эксперимент тобы білім алушыларының оқу үдерісіне енгізу арасындағы статистикалық байланысты анықтау мен салыстыру мақсатында екі айнымалы, яғни педагогикалық

		отырып алынған: 1) <u>ия;</u> 2) жоқ;	үдерісіне өзгеріс енгізілмеген бақылау тобы мен қалыптастырушы эксперимент жүзеге асырылған эксперимент тобы білім алушыларының көрсеткіштері негізге алынған. Осы мақсатта К. Пирсонның сызықтық корреляция коэффициенті алынып, аталмыш формула бойынша есептеулерді «Microsoft Excel» бағдарламасының мүмкіндіктерін қолдану негізінде жүзеге асырылған.
		8.3 Теориялық қорытындылар, модельдер, анықталған өзара байланыстар және заңдылықтар эксперименттік зерттеулермен дәлелденген және расталған (педагогикалық ғылымдар бойынша даярлау бағыттары үшін нәтижелер педагогикалық эксперимент негізінде дәлелденеді): 1) <u>ия;</u> 2) жоқ;	Иә. Эксперименттік тобы яғни педагогика факультеті студенттеріне арналған қашықтықтан білім беруде ағылшын тілін Smart технологиялар негізінде саралап оқыту үшін авторлық «Focus ON. Handbook for developing communicative skills (B1-B2 levels)» атты оқу құралын енгізу нәтижесінде және де ағылшын тілін оқыту үдерісіне сараланған тапсырмаларды енгізу білім алушылардың коммуникативті дағдыларды дамытуға және пәндік дағдыларының қалыптасу деңгейін арттыруға ықпалы дәлелденген.
		8.4 Маңызды мәлімдемелер нақты және сенімді ғылыми әдебиеттерге сілтемелермен <u>расталған</u> / ішінара расталған / расталмаған.	Диссертацияда маңызды мәлімдемелер нақты және сенімді ғылыми әдебиеттерге сілтемелермен расталған.
		8.5 Пайдаланылған әдебиеттер тізімі әдеби шолуға <u>жеткілікті</u>/жеткіліксіз.	Зерттеу жұмысында пайдаланылған әдебиеттер тізімі әдеби шолуға жеткілікті.
9	Практикалық құндылық қағидаты	9.1 Диссертацияның теориялық маңызы: 1) <u>бар;</u> 2) жоқ;	Бар, өйткені ғылыми жұмысты зерттеу барысында жоғары оқу орнында қашықтықтан білім беруде ағылшын тілін Smart технологиялар негізінде саралап оқытудың әдіснамалық негіздері айқындалған.
		9.2 Диссертацияның	Бар, өйткені қашықтан білім беру

		практикалық маңызы бар және алынған нәтижелерді практикада қолдану мүмкіндігі жоғары: 1) <u>ия;</u> 2) жоқ;	жағдайында Smart технологиялар негізінде ағылшын тілін саралап оқытуға арналған авторлық электрондық оқу құралы – Focus ON. Handbook for developing communicative skills (B1-B2 levels) әзірленгені және әзірленген жұмыстардың жоғары оқу орындары педагогикалық үдерісінде қолдану мүмкіндігі жоғары.
		9.3 Практикалық ұсыныстар жаңа ма? 1) <u>толығымен жаңа;</u> 2) ішінара жаңа (25-75% жаңа); 3) жаңа емес (жаңасы 25%-дан кем);	Толығымен жаңа, яғни зерттеуден алынған нәтижелерді және соның негізінде тұжырымдалған ұсыныстарды жоғары оқу орындарында болашақ жалпы білім беру мектептерінің мұғалімдерін дайындауда және білім беру мекемелері қызметкерлерінің біліктілігін арттыру курстарында, сонымен қатар мұғалімдердің әдістемелік, жұмысына байланысты ғылыми-практикалық ұсыныстар әзірлеуде пайдалануға болады.
10.	Жазу және ресімдеу сапасы	Академиялық жазу сапасы: 1) <u>жоғары;</u> 2) орташа; 3) орташадан төмен; 4) төмен;	Жоғары. Отыншиева Малика Толгандиевнаның «Жоғары оқу орнында қашықтықтан білім беруде ағылшын тілін Smart технологиялар негізінде саралап оқытудың педагогикалық шарттары (тілдік емес мамандықтар мысалында)» тақырыбында жазылған диссертациялық жұмысының жазу және безендіру сапасы жоғары, ғылыми жаңалығы дәйекті, практикалық құндылығы жоғары және жан-жақты зерттелген, аяқталған жұмыс болып саналады.
11.	Диссертацияға ескертулер	1. Зерттеу міндеттерінің 3-тармағында «педагогикалық шарттарды жасау және моделін құрастыру» деп көрсетілген, бірақ диссертацияның мазмұнында (Table of Contents) бұл модельге арналған жеке параграф немесе бөлім көрсетілмеген (ғылыми стандарттар бойынша, егер модель құрастыру міндеті қойылса, оның сипаттамасы мен сызбасына арналған арнайы бөлім болғаны дұрыс). 2. Академиялық стиль бойынша ғылыми жұмыста мынадай тіркестер жиі кездеседі: «біз... әзірлеуге шешім қабылдадық», «біз... ұсынамыз», «біздің ойымызша» (бб. 11,23,31,63,85,93). Бұл сөйлемдерді үшінші жақтағы жақсыз құрылымдарға	

(мысалы: «анықталды», «ұсынылады», «зерттеу барысында негізделді») ауыстыру керек.

3. Тақырыпқа сәйкес «саралап оқыту» терминін негізгі ұғым ретінде белгіленгеніне қарай, жұмыс бойы қолдануы қажет («дифференциалды тәсілді ұйымдастыру» б. 72).